

Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2022 жылғы 14 мамырдағы № 172 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 16 мамырда № 28050 болып тіркелді

"Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 7) тармақшасына және 20-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің 2022 жылғы 1 шілдеден бастап 2023 жылғы 30 маусымды қоса алған кезеңге арналған шекті бағалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының ішкі нарығында сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газ өндіру үшін тауарлық газды сатып алатын өнеркәсіптік тұтынушы-инвесторларға тауарлық газды көтерме саудада өткізудің 2022 жылғы 1 шілдеден бастап 2023 жылғы 30 маусымды қоса алған кезеңге арналған шекті бағалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Газ және мұнай-газ-химия департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі

Б. Акчулаков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

**Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің
2022 жылғы 1 шілдеден бастап 2023 жылғы 30 маусымды қоса алған кезеңге арналған шекті
бағалары**

№	Өңір	Қосылған құн салығын есепке алмағанда, бір мың текше метрі үшін шекті бағасы теңгемен
1.	Нұр-Сұлтан қаласы	25 764 (жиырма бес мың жеті жүз алпыс төрт)
2.	Алматы қаласы	22 413 (жиырма екі мың төрт жүз он үш)
3.	Шымкент қаласы	23 390 (жиырма үш мың үш жүз тоқсан)
4.	Ақмола облысы	25 764 (жиырма бес мың жеті жүз алпыс төрт)
5.	Ақтөбе облысы	7 372 (жеті мың үш жүз жетпіс екі)
6.	Алматы облысы	22 413 (жиырма екі мың төрт жүз он үш)
7.	Атырау облысы	8 385 (сегіз мың үш жүз сексен бес)
8.	Батыс Қазақстан облысы	12 728 (он екі мың жеті жүз жиырма сегіз)
9.	Жамбыл облысы	21 686 (жиырма бір мың алты жүз сексен алты)
10.	Қарағанды облысы	25 764 (жиырма бес мың жеті жүз алпыс төрт)
11.	Қостанай облысы	19 988 (он тоғыз мың тоғыз жүз сексен сегіз)
12.	Қызылорда облысы	9 194 (тоғыз мың бір жүз тоқсан төрт)
13.	Маңғыстау облысы	16 167 (он алты мың бір жүз алпыс жеті)
14.	Түркістан облысы	23 390 (жиырма үш мың үш жүз тоқсан)
15.	Шығыс Қазақстан облысы	7 563 (жеті мың бес жүз алпыс үш)
16.	Жетісу облысы	22 413 (жиырма екі мың төрт жүз он үш)
17.	Ұлытау облысы	25 764 (жиырма бес мың жеті жүз алпыс төрт)

Қазақстан Республикасының ішкі нарығында сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газ өндіру үшін тауарлық газды сатып алатын өнеркәсіптік тұтынушы-инвесторларға тауарлық газды көтерме саудада өткізудің 2022 жылғы 1 шілдеден бастап 2023 жылғы 30 маусымды қоса алған кезеңге арналған шекті бағалары

№	Өңір	Қосылған құн салығын есепке алмағанда, бір мың текше метрі үшін шекті бағасы теңгемен
1.	Нұр-Сұлтан қаласы	29 499 (жиырма тоғыз мың төрт жүз тоқсан тоғыз)
2.	Алматы қаласы	37 470 (отыз жеті мың төрт жүз жетпіс)
3.	Шымкент қаласы	34 574 (отыз төрт мың бес жүз жетпіс төрт)
4.	Ақмола облысы	29 499 (жиырма тоғыз мың төрт жүз тоқсан тоғыз)
5.	Ақтөбе облысы	13 700 (он үш мың жеті жүз)
6.	Алматы облысы	37 470 (отыз жеті мың төрт жүз жетпіс)
7.	Атырау облысы	10 148 (он мың бір жүз қырық сегіз)
8.	Батыс Қазақстан облысы	14 959 (он төрт мың тоғыз жүз елу тоғыз)
9.	Жамбыл облысы	34 861 (отыз төрт мың сегіз жүз алпыс бір)
10.	Қарағанды облысы	29 499 (жиырма тоғыз мың төрт жүз тоқсан тоғыз)
11.	Қостанай облысы	33 114 (отыз үш мың бір жүз он төрт)
12.	Қызылорда облысы	19 105 (он тоғыз мың бір жүз бес)
13.	Маңғыстау облысы	18 579 (он сегіз мың бес жүз жетпіс тоғыз)
14.	Түркістан облысы	34 574 (отыз төрт мың бес жүз жетпіс төрт)
15.	Шығыс Қазақстан облысы	7 563 (жеті мың бес жүз алпыс үш)
16.	Жетісу облысы	37 470 (отыз жеті мың төрт жүз жетпіс)
17.	Ұлытау облысы	29 499 (жиырма тоғыз мың төрт жүз тоқсан тоғыз)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК